



**ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМДЕРІН ҰСЫНҒАН САЯСИ  
ПАРТИЯЛАРДЫҢ БІРТҰТАС ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ  
САЙЛАУ ОКРУГІНІҢ АУМАҒЫ БОЙЫНША  
ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІ ДЕПУТАТТАРЫН  
САЙЛАУ ЖӨНІНДЕ НЕ БІЛУІ ҚАЖЕТ**

**ЧТО НЕОБХОДИМО ЗНАТЬ ПОЛИТИЧЕСКИМ  
ПАРТИЯМ, ВЫДВИНУВШИМ ПАРТИЙНЫЕ  
СПИСКИ, ПО ВЫБОРАМ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА  
ПАРЛАМЕНТА ПО ТЕРРИТОРИИ ЕДИНОГО  
ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОГО  
ИЗБИРАТЕЛЬНОГО ОКРУГА**

**Астана 2007**



---

---

**ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМДЕРІН ҰСЫНҒАН САЯСИ  
ПАРТИЯЛАРДЫҢ БІРТҰТАС ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ  
САЙЛАУ ОКРУГІНІҢ АУМАҒЫ БОЙЫНША  
ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ  
ЖӨНІНДЕ НЕ БІЛУІ ҚАЖЕТ**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабының 2- және 3-тармақтарына, 51-бабының 4-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (бұдан әрі – Сайлау туралы заң) сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын және оның аумағында соңғы он жыл тұрақты тұрған, жасы жиырма беске толған адам Парламент Мәжілісінің депутаты бола алады.

Сайлауға сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтар қатыспайды.

Сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адам Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидат бола алмайды (Сайлау туралы заңның 4-б.).

**Біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің  
аумағы бойынша сайлау үшін адамдарды  
партиялық тізімге енгізу**

Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Мәжіліс депутаттығына кандидаттар ұсыну құқығы - белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партияларға тиесілі.

Біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша Мәжіліс депутаттығына сайлау үшін адамдарды партиялық тізімге енгізу саяси партияның жоғары органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жүргізіледі. Саяси партиялардың партиялық тізімдерге осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын адамдарды кіргізуге құқығы жоқ.

Саяси партияның жоғары органының шешімі азаматтың партиялық тізімге енгізуге келісімі туралы өтінішімен бірге Орталық сайлау комиссиясына (бұдан әрі - Ортсайлауком) жіберіледі.

Саяси партиялар партиялық тізімдерді мемлекеттік тілдің әліпбиі ретімен жасайды. Партиялық тізімді саяси партияның өкілі саяси партияның жоғары органының партиялық тізімді ұсыну туралы хаттамасынан үзінді

көшірмемен бірге Ортсайлаукомға ұсынады. Өкілдің өкілеттіктері тиісті құжаттармен расталуға тиіс.

Егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше көзделмесе, партиялық тізімдер бойынша сайланатын Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды ұсыну 2007 жылғы маусымда басталып, 11 шілдеде аяқталады.

## **Партиялық тізімін ұсынған саяси партияның сенім білдірілген адамдары**

Партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың өздеріне сайлау науқанын жүргізуге көмектесетін, сайлау алдындағы үгітті жүргізетін, саяси партиялардың мүдделерін білдіретін сенім білдірілген адамдары болуына құқылы.

Партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар сенім білдірілген адамдарын өздерінің қалаулары бойынша тиісті сайлау округіндегі әр сайлау учаскесіне үш адамнан аспайтын санда анықтайды және оларды тіркеу үшін тиісті аумақтық сайлау комиссиясына хабарлайды.

Саяси партия сенім білдірілген адамдар ретінде ұсынған адамдар тиісті сайлау комиссиясына өзінің сенім білдірілген адам болуға келіскені туралы өз өтінішін табыс етеді.

Сайлау комиссиясы сенім білдірілген адамдарды тіркегеннен кейін оларға тиісті куәлік береді.

Сенім білдірілген адам Қазақстан Республикасының азаматы болуға тиіс, ол қандай да бір сайлау комиссиясының мүшесі, саяси мемлекеттік қызметші лауазымындағы адам болмауға тиіс.

Сенім білдірілген адамдар Қазақстан Республикасының саяси партиялары, өзге де қоғамдық бірлестіктері, коммерциялық емес ұйымдары байқаушыларының құқықтарын иеленеді, міндеттеріне ие болады және кандидаттың, партиялық тізімін ұсынған саяси партияның оларға жазбаша нысанда берген өкілеттігі шегінде әрекет етеді.

Сенім білдірілген адамдар сайлау науқаны аяқталғаннан кейін, өз ұйғарымымен, кандидаттың және партиялық тізімін ұсынған саяси партияның шешімімен, сондай-ақ кандидатты, партиялық тізімді тіркеудің күші жойылған, Сайлау туралы заң бұзылған жағдайларда өз мәртебесінен айырылады.

## **Партиялық тізімді тіркеу**

Саяси партиялар ұсынған партиялық тізімдерді тіркеуді Ортсайлауком жүзеге асырады.

Кандидат және оның зайыбы (жұбайы) тіркелгенге дейін тұрғылықты жері бойынша салық органдарына Сайлау туралы заңға сәйкес белгіленген

ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне мемлекет алдындағы салық міндеттемелерінің орындалуына салықтық бақылауды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда табысы мен мүлкі туралы декларацияны ұсынады.

Саяси партия ұсынған кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) жариялаған табысы мен мүлкі туралы мәліметтердің дұрыстығын салық қызметі органдары партиялық тізім тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте саяси партия ұсынған кандидаттың және оның зайыбының (жұбайының) табысы мен мүлкі туралы мәліметтерді ұсыну жөніндегі салық қызметі органдарының талаптарын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде беруге міндетті.

Партиялық тізімдерді тіркеу мынадай құжаттар болған жағдайда жүргізіледі:

- 1) Республиканың Әділет министрлігінде саяси партияның тіркелгені туралы құжаттың көшірмесі қоса тіркелген, саяси партияның жоғары органының партиялық тізімді ұсыну туралы хаттамасынан үзінді көшірме;
- 2) азаматтың партиялық тізімге енгізуге келісімі туралы өтініші;
- 3) партиялық тізімге енген әрбір адам туралы өмірбаяндық деректер;
- 4) кандидаттың және оның жұбайының (зайыбының) табысы мен мүлкі туралы декларация тапсырғаны туралы салық органының анықтамасы;
- 5) саяси партияның сайлау жарнасын енгізгенін растайтын құжат;
- 6) партиялық тізімге енгізілген адамның осы тізімді ұсынған саяси партияға мүшелігін растайтын құжат.

Тіркеуге бір саяси партиядан оған саяси партиялар арасында бөлінетін депутаттық мандаттардың белгіленген санының отыз процентінен аспайтын адамдар саны енгізілген бір ғана тізім жіберіледі.

Ортсайлауком партиялық тізімдер тіркелгеннен кейінгі оныншы күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында саяси партияның атауын және партиялық тізімге енгізілген адамдардың санын, сондай-ақ партиялық тізімге енгізілген әрбір адамның тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, атқаратын қызметін (жұмысын), жұмыс орны мен тұрғылықты жерін көрсете отырып тіркелгені туралы хабар жариялайды.

Партиялық тізімді тіркеу кезінде кандидаттарға тиісті куәліктер беріледі.

Ортсайлауком мынадай жағдайларда:

саяси партия партиялық тізімді ұсыну ережелерін бұзған, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған;

партиялық тізімді ұсынған саяси партия, ол ұсынған кандидаттар, оның сенім білдірген адамдары сайлау алдындағы үгітті тіркелгенге дейін жүргізген;

тұтас партиялық тізімнің елу процентінен астамын құрайтын адамдар партиялық тізімнен шыққан;

партиялық тізімді ұсынған саяси партияның немесе оның сенім білдірген адамдарының кандидаттың, партиялық тізімді ұсынған басқа саяси партияның немесе партиялық тізімге енгізілген адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін сот анықтаған;

партиялық тізімді ұсынған саяси партияның немесе оның сенім білдірген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін сот анықтаған;

Сайлау туралы заңда белгіленген өзге де жағдайларда партиялық тізімді тіркеуден бас тартады немесе оны тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұрын тіркеуден шығарылған партиялық тізімді қалпына келтіруге жол берілмейді.

Ортсайлауком мынадай жағдайда:

партиялық тізімге енгізілген адам Конституцияда және Сайлау туралы заңда кандидатқа қойылатын талаптарға сай келмеген;

партиялық тізімге енгізілген адамның өзінің сайлау алдындағы науқанында лауазымдық немесе қызмет жағдайын пайдаланған;

партиялық тізімге енгізілген адам сайлау алдындағы үгітті партиялық тізім тіркелгенге дейін жүргізген;

партиялық тізімге енгізілген адамның кандидаттың, партиялық тізімді ұсынған саяси партияның немесе партиялық тізімге енгізілген басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, олардың іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін сот анықтаған;

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасына сәйкес партиялық тізімге енгізілген адамның және оның зайыбының (жұбайының) декларацияда көрсеткен табысы мен мүлкі туралы мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған;

партиялық тізімге енгізілген адамның немесе оның сенім білдірген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін сот анықтаған;

Сайлау туралы заңда белгіленген өзге де жағдайларда партиялық тізімге енгізілген адамды осы тізімнен шығару туралы шешім қабылдайды.

Партиялық тізімге енгізілген адамды осы тізімнен шығару туралы шешімге партиялық тізімді ұсынған саяси партия не партиялық тізімнен шығарылған адам тиісті сотқа шағым жасауына болады, оның шешімі түпкілікті болып табылады.

Партиялық тізімге енгізілген адамды дауыс беретін күнге екі күн қалғанда шығару туралы шешім қабылдауға жол берілмейді.

Партиялық тізімді тіркеуден бас тартуға немесе оны тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға жеті күн мерзімде Ортсайлаукомға және (немесе) сотқа шағым жасауға болады. Бұл ретте Ортсайлауком немесе сот шағым берілген күннен бастап жеті күн мерзімде шағым бойынша шешім шығарады.

Партиялық тізімдерді тіркеу, егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, 2007 жылғы 22 маусымда басталып, 17 шілдеде аяқталады.

## **Сайлау жарнасы**

Партиялық тізімдерді ұсынған саяси партиялар партиялық тізімге енгізілген әрбір адам үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақының он бес еселенген мөлшерінде Ортсайлаукомның шотына саяси партиялардың қаражатынан сайлау жарнасын енгізеді.

Парламент Мәжілісі депутаттарының алдыңғы сайлауында дауыс беруге қатысқан сайлаушылар даусының жеті және одан да көп процентін алған саяси партиялар сайлау жарнасын төлемейді.

Парламент Мәжілісі депутаттарының алдыңғы сайлауында дауыс беруге қатысқан сайлаушылар даусының бестен жетіге дейінгі процентін алған саяси партия Сайлау туралы заңда белгіленген сайлау жарнасы мөлшерінің елу проценті мөлшерінде сайлау жарнасын төлейді.

Парламент Мәжілісі депутаттарының алдыңғы сайлауында дауыс беруге қатысқан сайлаушылар даусының үштен беске дейінгі процентін алған саяси партия Сайлау туралы заңда белгіленген сайлау жарнасы мөлшерінің жетпіс проценті мөлшерінде сайлау жарнасын төлейді.

Сайлау жарнасын аударуға арналған шот:

**Алушы – Орталық сайлау комиссиясы**

**СТН 031400127463**

**Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаменті**

**БИК 195301070**

**ИИК 000144804**

**КНП 171**

**КБЕ 11**

Саяси партия сайлау қорытындылары бойынша дауыс беруге қатысқан сайлаушылар даусының кемінде жеті процентін алған жағдайларда, сондай-ақ партиялық тізімге енгізілген жалғыз кандидат қайтыс болған жағдайда енгізілген жарна саяси партияға қайтарылады. Қалған жағдайлардың бәрінде енгізілген жарна қайтарылмауға тиіс және республикалық бюджет кірісіне алынады.

## Сайлау алдындағы үгіт

Сайлау алдындағы үгіт - сайлаушылардың белгілі бір саяси партияны жақтап немесе қарсы дауыс беруге қатысуына түрткі болу мақсатындағы қызмет.

Шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) демеп жіберетін қызметті жүзеге асыруына тыйым салынады.

Сайлау алдындағы үгіт партиялық тізімдер тіркелген мерзім аяқталған кезден басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

Сайлау алдындағы үгіт:

- 1) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы;
- 2) сайлау алдындағы жария іс-шараларды (сайлау алдындағы жиналыстарды және сайлаушылармен кездесулерді, сайлау алдындағы жария пікір таластар мен пікір алысуларды, митингілерді, шерулерді, демонстрацияларды және заңнамада белгіленген тәртіппен және Сайлау туралы заңда тыйым салынбаған өзге де сайлау алдындағы іс-шараларды), сондай-ақ кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен жеке кездесулерін өткізу жолымен;
- 3) баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығару және (немесе) тарату жолымен жүзеге асырылады.

Мыналарға:

- 1) мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ қызметтік міндеттерін орындау кезінде олардың лауазымды адамдарына;
- 2) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілеріне, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьяларға;
- 3) сайлау комиссияларының мүшелеріне;
- 4) діни бірлестіктерге сайлау алдындағы үгітті жүргізуге, кез келген сайлау алдындағы үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады.

Партиялық тізімдерге енгізілген, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары болып табылатын кандидаттарға өзінің лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдалануға тыйым салынады.

Мыналар:

- 1) бағынышты немесе басқа да қызмет жағынан тәуелді адамдарды, аталған адамдар кандидаттың сенім білдірілген адамдары ретінде үгітті жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, сайлау алдындағы үгіт жүргізуге тарту;

- 2) партиялық тізімін ұсынған саяси партияның сайлануына септігін тигізетін қызметті жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар орналасқан үй-жайларды пайдалану, егер өзге саяси партияларға аталған үй-жайларды осындай шарттармен пайдалануға кепілдік берілмесе, лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдалану деп ұғынылады.

Осы тармақта белгіленген шектеулерді сақтау лауазымды адамдарға өздерінің қызметтік міндеттерін орындауға кедергі келтірмеуге тиіс.

Тіркелген партиялық тізімдерге енгізілген не партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сенім білдірілген адамдары болып тіркелген журналистердің, бұқаралық ақпарат құралдары редакциялары лауазымды адамдарының сайлауды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсетуге қатысуына құқығы жоқ.

Сайлау науқаны үшін арнайы әзірленген баспа материалдарын, соның ішінде безендірілген материалдарды, сондай-ақ омырауға тағатын белгілерді, жалауларды, жалаушаларды тегін таратуды қоспағанда, сайлаушыларға тегін немесе жеңілдік шарттарымен тауарлар, бағалы қағаздар беріп, қызметтер көрсету, сондай-ақ лотереялар, қайырымдылық акцияларын өткізу, ақша төлеу не осындайларға уәде беру арқылы сайлау алдындағы үгітті жүргізу сайлау алдындағы жөнсіз үгіт деп саналады. Сайлау алдындағы жөнсіз үгітті жүргізуге тыйым салынады.

Сайлау тағайындалған кезден бастап, саяси партиялардың тізімдеріне енгізілген кандидаттарға, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға, сондай-ақ олардың атынан немесе оларды қолдап кез келген жеке және заңды тұлғаларға, ойын-сауық және спорттық іс-шараларын ұйымдастыруды қоспағанда, қайырымдылық іс-шараларын өткізуге тыйым салынады.

Саяси партияның тізіміне енгізілген кандидаттың, партиялық тізімін ұсынған саяси партияның, сондай-ақ оның сенім білдірген адамдарының жоғарыда аталған ережелерді бұзуы саяси партияны тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға әкеп соғады.

Партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сайлау алдындағы үгіт жүргізуі үшін бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізуінің тең жағдайларына кепілдік беріледі.

Партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар теледидарда Ортсайлауком ұйымдастыратын, ол белгілейтін уақыт көлемінде саяси пікір-сайыстарға қатысуға құқылы.

Бұқаралық ақпарат құралдары партиялық тізімдерін ұсынған, тіркелген саяси партияларға шарттық негізде эфир уақытын, баспасөз бетінен орын береді. Бұқаралық ақпарат құралдарында партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға эфир уақытын, баспасөз бетінен орын беру туралы шарттың талаптары белгілі бір кандидатқа, саяси партияға артықшылық туғызбауға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралы партиялық тізімін ұсынған саяси партиялардың біріне эфир уақытын, баспасөз бетінен орын бөлуге берген келісімі партиялық тізімдерін ұсынған басқа да саяси партияларға эфир уақытын, баспасөз бетінен орын бөлуге келісім беруі болып табылады.

Партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың бұқаралық ақпарат құралдарына шығуының кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу ретімен не егер өтініштер бір мезгілде келіп түссе, жеребе бойынша белгіленеді.

Саяси партиялардың тізімдеріне енгізілген кандидаттардың, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарының телевизия мен радиода сөйлеп жатқан сөздерін бөлуге және сөйлеген сөздеріне іле-шала, сондай-ақ баспа басылымдарындағы сөздеріне сол нөмірде түсініктеме жасауға тыйым салынады.

Сайлау комиссияларының өтінімі бойынша жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай береді. Сайлау комиссиялары бөлінген үй-жайда партиялық тізімдерге енгізілген кандидаттардың немесе партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарының сайлаушылармен кездесуінің кестесін жасайды және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды. Үй-жай беру шарты барлық саяси партиялар үшін бірдей болуға тиіс.

Жергілікті атқарушы органдар тиісті сайлау комиссияларымен бірлесіп барлық саяси партиялар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілейді және оларды стендтермен, такталармен, тұғырлықтармен жарактандырады. Үгіттік баспа материалдары барлық саяси партиялар үшін тең құқықтар қамтамасыз ететін жағдайда орналастырылады.

Үгіттік баспа материалдары тиісті объект иесінің рұқсатымен өзге де орындарда іліп қойылады.

Үгіт материалдарын ескерткіштерге, ескерткіш тұғырларға, тарихи, мәдени немесе сәулеттік құндылығы бар үйлер мен ғимараттарға, сондай-ақ дауыс беруге арналған үй-жайларға іліп қоюға тыйым салынады.

Партиялық тізімін ұсынған саяси партия өзінің болашақ қызметінің сайлау алдындағы бағдарламасын баяндайды. Сайлау алдындағы бағдарламада Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, оның тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерлендірілген құралымдар құру идеялары уағыздалмауға тиіс.

Аталған талаптар бұзылған жағдайда, Ортсайлауком саяси партияның партиялық тізімін тіркеуден бас тартуға, ал саяси партия сайлау алдындағы бағдарламаны тіркелгеннен кейін ұсынған жағдайда партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға құқылы (Сайлау туралы заңның 27, 28-баптары).

## **Партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларды мемлекеттік емес қаржыландыру**

Партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сайлау алдындағы үгітін Сайлау туралы заңда белгіленген тәртіппен құралатын сайлау қоры қаражатынан қаржыландыруға болады.

Сайлау қорлары Әділет министрі белгілеген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге тиіс.

Саяси партиялар ұсынған партиялық тізімдердің құрамында дауысқа түсетін кандидаттардың жеке сайлау қорларын құруға құқығы жоқ.

Саяси партияның сайлау қоры:

- 1) саяси партияның жалпы сомасы заңнамада белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен бес мың еседен аспайтын жеке қаражатынан;
- 2) Республика азаматтары мен ұйымдарының жалпы сомасы заңнамада белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен он мың еседен аспайтын ерікті қайырмалдықтарынан құралады.

Сайлау қорларына заңды жолмен алынған қаражат қана беріледі.

Сайлау қорына ол құрылған кезден бастап түскен ақшаның жалпы сомасы Сайлау туралы заңмен белгіленген шектен аспауға тиіс.

Белгіленген мөлшерден артық түскен ақша қаражаты сайлау қорына есептеуге жатқызылмайды және оларды қосқан азаматтар мен ұйымдарға қайтарылып беріледі. Бұл ретте аталған қаражатты қайтаруға байланысты шығыстар оларды енгізген азаматтар мен ұйымдар есебінен жабылады. Дерегі жоқ қайырмалдықтар республикалық бюджет кірісіне енгізіледі.

Сайлау қорын құрайтын ақша қаражаты партиялық тізім тіркелгеннен кейін банк мекемелерінде Ортсайлауком ашатын арнаулы уақытша шотқа түсіріледі. Аталған шот бойынша кіріс есептелмейді және төленбейді. Сайлау туралы заңда аталған мақсаттар үшін сайлау қорының қаражатына иелік ету құқығы тек қана партиялық тізімдерін ұсынған кандидаттарға беріледі. Сайлау қорларының қаражатын жұмсау тәртібі мен тиісті банк мекемесін Ортсайлауком айқындайды.

Партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күші жойылған жағдайда, сайлау қорына түскен ақша қаражаты оны қосқан азаматтар мен ұйымдарға дереу қайтарылуға жатады. Бұл ретте аталған қаражатты қайтаруға байланысты шығыстар оларды енгізген азаматтар мен ұйымдар есебінен жабылады.

Арнаулы уақытша шоттар бойынша барлық қаржылық операциялар, оның ішінде жеке және заңды тұлғалармен есеп айырысулар, міндетті аударымдар, салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер сайлаудың алдындағы күні сағат 18-де тоқтатылады.

Сайлау қорытындылары анықталғаннан кейін бес күннен кешіктірмей саяси партия Ортсайлаукомға өз сайлау қорының қаражатын пайдаланғаны жөнінде есеп беруге міндетті. Сайлау қорының сайлау

науқаны мақсаттарына жұмсалмай қалған ақшалай қаражатының үштен екісі республикалық бюджетке жіберіледі, ал үштен бірі кандидатқа, саяси партияға қайтарылады.

Партиялық тізімін ұсынған саяси партияның қаржыландыру ережелерін, сондай-ақ Ортсайлауком белгілеген сайлау қорлары қаражатын жұмсау тәртібін бұзуы – партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға, ал сайлау өткізілгеннен кейін партиялық тізімге енгізілген кандидаттардың Парламент депутаты ретінде тіркелгеніне дейін бұзуы сайлауды жарамсыз деп тануға әкеп соғады.

### **Кандидаттардың сайлау науқаны барысындағы қызметінің кепілдіктері**

Саяси партиялардың тізімдеріне енгізілген кандидаттар партиялық тізім тіркелген күнінен бастап сайлау қорытындысы жарияланғанға дейін жұмыстан, әскери қызметтен және әскери жиындардан босатылуға құқылы. Саяси партиялардың тізімдеріне енгізілген кандидаттардың сайлауға қатысқан уақыты тіркелген күнге дейін оның жұмыс істеген мамандығы бойынша еңбек өтіліне есептеледі.

Саяси партиялардың тізімдеріне енгізілген кандидаттарды тіркелген күнінен бастап және сайлау қорытындылары жарияланғанға дейін олардың келісімінсіз жұмысынан босатуға, басқа жұмысқа немесе лауазымға ауыстыруға, сондай-ақ іссапарларға жіберуге не әскери жиындарға шақыруға болмайды.

Саяси партиялардың тізімдеріне енгізілген кандидаттар тиісті партиялық тізім тіркелген күннен бастап және сайлау қорытындылары жарияланғанға дейін, сондай-ақ партиялық тізімдер тіркелгенге дейін Ортсайлаукомның келісімінсіз тұтқынға алуға, еріксіз әкелуге, оларға сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға, сондай-ақ тікелей қылмыс үстінде ұсталғаннан және ауыр қылмыс жасағаннан басқа реттерде ұстауға болмайды.

### **Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық**

Тұлға Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңдарын бұзғаны үшін заңдармен белгіленген қылмыстық, әкімшілік және өзге де жауаптылықта болады<sup>1</sup>.

#### ***Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы***

<sup>1</sup> Жаднамада «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының ережелері, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қаулылары пайдаланылды.

---

---

## **ЧТО НЕОБХОДИМО ЗНАТЬ ПОЛИТИЧЕСКИМ ПАРТИЯМ, ВЫДВИНУВШИМ ПАРТИЙНЫЕ СПИСКИ, ПО ВЫБОРАМ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА ПО ТЕРРИТОРИИ ЕДИНОГО ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОГО ИЗБИРАТЕЛЬНОГО ОКРУГА**

В соответствии с пунктами 2 и 3 статьи 33, пунктом 4 статьи 51 Конституции Республики Казахстан и Конституционным законом Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее – Закон о выборах) депутатом Мажилиса Парламента может быть лицо, состоящее в гражданстве Республики Казахстан и постоянно проживающее на ее территории последние десять лет, достигшее двадцати пяти лет.

В выборах не участвуют граждане, признанные судом недееспособными, а также содержащиеся в местах лишения свободы по приговору суда.

Не может быть кандидатом в депутаты Мажилиса Парламента лицо, имеющее судимость, которая не погашена или не снята в установленном законом порядке (ст. 4 Закона о выборах).

### **Включение в партийный список лиц для избрания по единому общенациональному избирательному округу**

Право выдвижения кандидатов в депутаты Мажилиса, избираемых по партийным спискам, принадлежит политическим партиям, зарегистрированным в установленном порядке.

Включение в партийный список лиц для избрания в депутаты Мажилиса по территории единого общенационального избирательного округа производится большинством голосов от общего числа членов высшего органа политической партии. Политические партии не вправе включать в партийные списки лиц, не являющихся членами данной политической партии.

Решение высшего органа политической партии вместе с заявлением гражданина о согласии быть включенным в партийный список направляется в Центральную избирательную комиссию (далее - Центризбирком).

Политические партии составляют партийные списки в алфавитном порядке государственного языка. Партийный список представляется в Центризбирком представителем политической партии одновременно с

выпиской из протокола высшего органа политической партии о выдвижении партийного списка. Полномочия представителя должны быть подтверждены соответствующими документами.

Выдвижение кандидатов в депутаты Мажилиса, избираемых по партийным спискам, начинается 22 июня и заканчивается 11 июля 2007 года.

### **Доверенные лица политической партии, выдвинувшей партийный список**

Политические партии, выдвинувшие партийные списки, вправе иметь доверенных лиц, которые помогают им в проведении избирательной кампании, ведут предвыборную агитацию, представляют интересы политических партий.

Политические партии, выдвинувшие партийные списки, определяют доверенных лиц по своему усмотрению в количестве не превышающем трех человек на каждый избирательный участок и сообщают о них для регистрации в соответствующую территориальную избирательную комиссию.

Лица, предлагаемые политической партией в качестве доверенных лиц, представляют в соответствующую избирательную комиссию заявление о своем согласии быть доверенным лицом.

Избирательная комиссия после регистрации доверенных лиц выдает им соответствующие удостоверения.

Доверенное лицо должно быть гражданином Республики Казахстан, не может быть членом какой бы то ни было избирательной комиссии, лицом, занимающим должность политического государственного служащего.

Доверенные лица обладают правами, имеют обязанности наблюдателей политических партий, иных общественных объединений, некоммерческих организаций Республики Казахстан и действуют в пределах полномочий, предоставленных им в письменной форме политической партией, выдвинувшей партийный список.

Доверенные лица утрачивают свой статус по завершении избирательной кампании, по личной инициативе, по решению кандидата и политической партии, выдвинувшей партийный список, а также в случаях отмены регистрации кандидата, партийного списка, нарушения Закона о выборах.

### **Регистрация партийного списка**

Регистрация партийных списков, представленных политическими партиями, осуществляется Центризбиркомом.

Кандидат и его супруга (супруг) до регистрации представляют в налоговые органы по месту жительства декларации о доходах и об имуществе на первое число месяца начала срока выдвижения, установленного в соответствии с Законом о выборах, в порядке и форме, установленных уполномоченным государственным органом Республики Казахстан, обеспечивающим налоговый контроль за исполнением налоговых обязательств перед государством.

Достоверность сведений о доходах и об имуществе, задекларированных кандидатом, выдвинутым политической партией, и его (ее) супругой (супругом), проверяется органами налоговой службы в течение пятнадцати дней со дня регистрации партийного списка.

При этом организации, получившие требования органов налоговой службы о представлении сведений о доходах и об имуществе кандидата, выдвинутого политической партией, и его (ее) супруги (супруга), обязаны предоставить запрашиваемую информацию в течение четырех дней со дня получения требования.

Регистрация партийных списков производится при наличии следующих документов:

- 1) выписки из протокола высшего органа политической партии о выдвижении партийного списка с приложением копии документа о регистрации политической партии в Министерстве юстиции Республики;
- 2) заявления гражданина о согласии быть включенным в партийный список;
- 3) биографических данных о каждом лице, включенном в партийный список;
- 4) справки налогового органа о сдаче кандидатом и его (ее) супругой (супругом) декларации о доходах и об имуществе;
- 5) документа, подтверждающего внесение политической партией избирательного взноса;
- 6) документа, подтверждающего членство лица, включенного в партийный список, в политической партии, выдвинувшей данный список.

К регистрации допускается только один список от одной политической партии с количеством включенных в него лиц, не превышающим установленного числа депутатских мандатов, распределяемых среди политических партий, на тридцать процентов.

Центризбирком не позднее чем на десятый день после регистрации партийных списков публикует в средствах массовой информации сообщение о регистрации с указанием наименования политической партии и количества

лиц, включенных в партийный список, а также фамилии, имени, отчества, года рождения, занимаемой должности (занятия), места работы и жительства каждого лица, включенного в партийный список.

При регистрации партийного списка кандидатам выдаются соответствующие удостоверения;

Центризбирком отказывает в регистрации или отменяет решение о регистрации партийного списка в случаях:

нарушения политической партией правил выдвижения партийного списка, непредставления необходимых документов для регистрации;

проведения политической партией, выдвинувшей партийный список, выдвинутыми ею кандидатами, ее доверенными лицами предвыборной агитации до регистрации;

выхода из партийного списка лиц, составляющих более пятидесяти процентов от всего партийного списка;

установления судом факта распространения политической партией, выдвинувшей партийный список, или ее доверенными лицами ложных сведений, порочащих честь и достоинство кандидата, другой политической партии, выдвинувшей партийный список, или лица, включенного в партийный список, подрывающих его деловую репутацию;

установления судом фактов подкупа политической партией, выдвинувшей партийный список, или ее доверенными лицами избирателей; в иных случаях, установленных Законом о выборах.

Отмена решения о регистрации партийного списка или восстановление ранее снятого с регистрации партийного списка за два дня до дня голосования не допускается.

Решение об исключении лица, включенного в партийный список, из данного списка принимается Центризбиркомом в случае:

несоответствия лица, включенного в партийный список, требованиям, предъявляемым к кандидату Конституцией Республики Казахстан и Законом о выборах;

использования лицом, включенным в партийный список, должностного или служебного положения в своей предвыборной кампании;

проведения лицом, включенным в партийный список, предвыборной агитации до регистрации партийного списка;

установления судом факта распространения лицом, включенным в партийный список, ложных сведений, порочащих честь и достоинство кандидата, политической партии, выдвинувшей партийный список, или другого лица, включенного в партийный список, подрывающих их репутацию;

выявления недостоверности сведений о доходах и имуществе, задекларированных лицом, включенным в партийный список, и его (ее)

супругой (супругом), в соответствии с законодательством Республики Казахстан о борьбе с коррупцией;

установления судом фактов подкупа избирателей лицом, включенным в партийный список, или его доверенными лицами;

в иных случаях, установленных Законом о выборах.

Решение об исключении лица, включенного в партийный список, из данного списка может быть обжаловано политической партией, выдвинувшей партийный список, либо лицом, исключенным из партийного списка, в соответствующий суд, решение которого является окончательным.

Принятие решения об исключении лица, включенного в партийный список, за два дня до дня голосования не допускается.

Отказ в регистрации или отмена решения о регистрации партийного списка могут быть в семидневный срок обжалованы в Центризбирком и (или) в суд. При этом Центризбирком или суд выносит по жалобе решение в семидневный срок со дня подачи жалобы.

Регистрация партийных списков начинается 22 июня и заканчивается 17 июля 2007 года.

## **Избирательный взнос**

Политические партии, выдвинувшие партийные списки, вносят из средств политических партий на счет Центризбиркома избирательный взнос в пятнадцатикратном размере установленной законодательством Республики Казахстан минимальной заработной платы за каждое лицо, включенное в партийный список.

Избирательный взнос не уплачивается политическими партиями, получившими на предыдущих выборах депутатов Мажилиса Парламента семь и более процентов голосов избирателей от числа принявших участие в голосовании.

Политической партией, получившей на предыдущих выборах депутатов Мажилиса Парламента от пяти до семи процентов голосов избирателей от числа принявших участие в голосовании, избирательный взнос уплачивается в размере пятидесяти процентов от установленного Законом о выборах размера избирательного взноса.

Политической партией, получившей на предыдущих выборах депутатов Мажилиса Парламента от трех до пяти процентов голосов избирателей от числа принявших участие в голосовании, избирательный взнос уплачивается в размере семидесяти процентов от установленного Законом о выборах размера избирательного взноса.

Счет для перечисления избирательного взноса:

**Получатель - Центральная избирательная комиссия**

**РНН 031400127463**

**Департамент Казначейства по г. Астана**

**БИК 195301070**

**ИИК 000144804**

**КНП 171**

**КБЕ 11**

Внесенный взнос возвращается политической партии в случаях, если по итогам выборов политическая партия набрала не менее семи процентов голосов избирателей, принявших участие в голосовании, а также в случае смерти единственного кандидата, включенного в партийный список. Во всех остальных случаях внесенный взнос возврату не подлежит и обращается в доход республиканского бюджета.

## **Предвыборная агитация**

Предвыборная агитация - деятельность, имеющая целью побудить избирателей принять участие в голосовании за или против той или иной политической партии.

Иностранцам, лицам без гражданства, иностранным юридическим лицам и международным организациям запрещается осуществлять деятельность, препятствующую и (или) способствующую выдвижению и избранию политических партий, выдвинувших партийный список, достижению определенного результата на выборах.

Предвыборная агитация начинается с момента окончания срока регистрации партийных списков и заканчивается в ноль часов по местному времени дня, предшествующего дню выборов.

Предвыборная агитация осуществляется:

- 1) через средства массовой информации;
- 2) путем проведения публичных предвыборных мероприятий (предвыборных собраний и встреч с избирателями, публичных предвыборных дебатов и дискуссий, митингов, шествий, демонстраций и иных предвыборных мероприятий в порядке, установленном законодательством, и не запрещенных Законом о выборах), а также личных встреч кандидатов, включенных в партийные списки, и доверенных лиц политических партий, выдвинувших партийные списки, с избирателями;
- 3) путем выпуска и (или) распространения печатных, аудиовизуальных и иных агитационных материалов.

Запрещается проводить предвыборную агитацию, распространять любые агитационные предвыборные материалы:

- 1) государственным органам, органам местного самоуправления, а также их должностным лицам при исполнении служебных обязанностей;
- 2) военнослужащим Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований, работникам органов национальной безопасности, правоохранительных органов и судьям;
- 3) членам избирательных комиссий;
- 4) религиозным объединениям.

Кандидатам, включенным в партийные списки, являющимся должностными лицами государственных органов, запрещается использовать преимущества своего должностного или служебного положения.

Под использованием преимуществ должностного или служебного положения в Законе о выборах понимается:

- 1) привлечение лиц, находящихся в подчинении или в другой служебной зависимости, к осуществлению предвыборной агитации, за исключением случаев, когда указанные лица осуществляют агитацию в качестве доверенных лиц кандидата;
- 2) использование помещений, занимаемых государственными органами, для осуществления деятельности, способствующей избранию политической партии, выдвинувшей партийный список, если иным политическим партиям не гарантировано использование указанных помещений на таких же условиях.

Соблюдение установленных ограничений не должно препятствовать выполнению должностными лицами своих служебных обязанностей.

Журналисты, должностные лица редакций средств массовой информации, включенные в зарегистрированные партийные списки, либо зарегистрированные доверенными лицами политических партий, выдвинувших партийные списки, не вправе участвовать в освещении выборов через средства массовой информации.

Ненадлежащей предвыборной агитацией считается проведение предвыборной агитации, сопровождаемой предоставлением избирателям бесплатно или на льготных условиях товаров, услуг, ценных бумаг, а также проведением лотерей, благотворительных акций, выплатой денег либо обещанием предоставления таковых, за исключением бесплатной раздачи печатных, в том числе иллюстративных, материалов, а также значков, флагов, флажков, специально изготовленных для избирательной кампании. Проведение ненадлежащей предвыборной агитации запрещается.

С момента назначения выборов кандидатам, включенным в списки политических партий, политическим партиям, выдвинувшим партийные списки, а также от их имени или в их поддержку любым физическим

и юридическим лицам запрещается проведение благотворительных мероприятий, за исключением организации зрелищных и спортивных мероприятий.

Нарушение кандидатом, включенным в список политической партии, политической партией, выдвинувшей партийный список, а также ее доверенными лицами данных правил влечет за собой отмену решения о регистрации партийного списка.

Политическим партиям, выдвинувшим партийные списки, гарантируются равные условия доступа к средствам массовой информации для проведения предвыборной агитации.

Политические партии, выдвинувшие партийные списки, вправе участвовать в политических дебатах на телевидении, организуемых Центризбиркомом, в устанавливаемом ею объеме времени.

Средства массовой информации на договорной основе предоставляют эфирное время, печатную площадь зарегистрированным политическим партиям, выдвинувшим партийные списки. Условия договора о предоставлении политическим партиям, выдвинувшим партийные списки, эфирного времени, печатной площади в средствах массовой информации не должны создавать преимущества той или иной политической партии.

Согласие на выделение эфирного времени, печатной площади, данное средством массовой информации одной из политических партий, выдвинувших партийный список, является согласием на выделение эфирного времени, печатной площади другим политическим партиям, выдвинувшим партийные списки.

Очередность выступления политических партий, выдвинувших партийные списки, в средствах массовой информации устанавливается в порядке поступления письменных обращений, либо по жребию, в случае, если обращения поступили одновременно.

Запрещается прерывать и комментировать выступления кандидатов, включенных в списки политических партий, доверенных лиц политических партий, выдвинувших партийные списки, на телевидении и по радио сразу после выступления, а также в печатных изданиях в том же номере.

По заявке избирательных комиссий органы местного государственного управления и самоуправления предоставляют политическим партиям, выдвинувшим партийные списки, на договорной основе помещения для встреч с избирателями. Избирательные комиссии составляют график встреч кандидатов, включенных в партийные списки или доверенных лиц политических партий, выдвинувших партийные списки, с избирателями в выделенном помещении и публикуют его в средствах массовой информации. Условия предоставления помещения должны быть едиными для всех политических партий.

Местные исполнительные органы совместно с соответствующими избирательными комиссиями определяют места для размещения агитационных печатных материалов для всех политических партий и оснащают их стендами, щитами, тумбами. Агитационные печатные материалы размещаются на условиях, обеспечивающих равные права для всех политических партий.

Агитационные печатные материалы вывешиваются с разрешения собственника соответствующего объекта.

Запрещается вывешивание агитационных материалов на памятниках, обелисках, зданиях и сооружениях, имеющих историческую, культурную или архитектурную ценность, а также в помещении для голосования.

Политическая партия, выдвинувшая партийный список, выступает с предвыборной Программой своей будущей деятельности. Предвыборная программа не должна провозглашать идеи насильственного изменения конституционного строя, нарушения целостности Республики, подрыва безопасности государства, разжигания социальной, расовой, национальной, религиозной, сословной и родовой розни, культ жестокости и насилия, а также создание не предусмотренных законодательством военизированных формирований.

В случае нарушения названных требований Центризбирком вправе отказать политической партии в регистрации партийного списка, а в случае выдвижения политической партией такой предвыборной программы после регистрации - отменить решение о регистрации партийного списка (статьи 27, 28 Закона о выборах).

### **Негосударственное финансирование политических партий, выдвинувших партийный список**

Предвыборная агитация политических партий, выдвинувших партийные списки, может финансироваться из средств образуемых в установленном Законом о выборах порядке избирательных фондов.

Избирательные фонды подлежат государственной регистрации в установленном Министром юстиции порядке.

Кандидаты, баллотирующиеся в составе партийных списков, выдвинутых политическими партиями, не вправе создавать собственные избирательные фонды.

Избирательный фонд политической партии образуют:

- 1) собственные средства политической партии, общая сумма которых не должна превышать установленный законодательством размер минимальной заработной платы более чем в пять тысяч раз;
- 2) добровольные пожертвования граждан и организаций Республики, общая сумма которых не должна превышать установленный

законодательством размер минимальной заработной платы более чем в десять тысяч раз.

В избирательные фонды могут быть направлены только средства, полученные законным путем.

Общая сумма денег, поступивших в избирательный фонд с момента его образования, не должна превышать установленные пределы.

Денежные средства, поступившие сверх установленного размера, зачислению в избирательные фонды не подлежат и возвращаются внесшим их гражданам и организациям. При этом расходы, связанные с возвратом указанных средств, покрываются за счет внесших их граждан и организаций. Анонимные пожертвования обращаются в доход республиканского бюджета.

Денежные средства, образующие избирательный фонд, зачисляются на специальный временный счет, открываемый в банковских учреждениях Центризбиркомом после регистрации партийного списка. Доходы по указанному счету не начисляются и не выплачиваются. Право распоряжения средствами избирательного фонда для названных Законом о выборах целей принадлежит исключительно политическим партиям, выдвинувшим партийные списки. Порядок расходования средств избирательных фондов и соответствующее банковское учреждение определяются Центризбиркомом.

В случае отмены решения о регистрации партийного списка, поступившие в избирательный фонд денежные средства подлежат безотлагательному возврату внесшим их гражданам и организациям. При этом расходы, связанные с возвратом указанных средств, покрываются за счет внесших их граждан и организаций.

Все финансовые операции, в том числе расчеты с физическими и юридическими лицами, обязательные отчисления, налоги и другие платежи в бюджет, по специальным временным счетам прекращаются в 18 часов дня, предшествующего дню выборов.

Не позднее пяти дней после установления итогов выборов политическая партия обязана представить в Центризбирком отчет об использовании средств своего избирательного фонда. Две трети денежных средств избирательного фонда, оставшихся неизрасходованными на цели избирательной кампании, направляется в республиканский бюджет, а одна треть - возвращается кандидату, политической партии.

Нарушение политической партией, выдвинувшей партийный список, правил финансирования, а также установленного Центризбиркомом порядка расходования средств избирательных фондов влечет за собой отмену решения о регистрации партийного списка, а после проведения выборов до регистрации кандидатов, включенных в партийный список, в качестве депутата Парламента, - признание выборов недействительными.

## **Гарантии деятельности кандидатов в ходе избирательной кампании**

Кандидаты, включенные в списки политических партий, со дня регистрации партийного списка и до опубликования итогов выборов вправе освобождаются от работы, военной службы и военных сборов. Время участия кандидатов, включенных в списки политических партий, в выборах засчитывается в трудовой стаж по той специальности, по которой он работал до дня регистрации.

Кандидаты, включенные в списки политических партий, со дня регистрации партийного списка и до опубликования итогов выборов не могут быть уволены с работы, переведены на другую работу или должность без их согласия, а также направлены в командировку или призваны на военные сборы.

Кандидаты, включенные в списки политических партий, со дня регистрации соответствующего партийного списка и до опубликования итогов выборов, а также до регистрации партийных списков без согласия Центризбиркома не могут быть арестованы, подвергнуты приводу, мерам административного взыскания, налагаемым в судебном порядке, привлечены к уголовной ответственности, а также задержаны, кроме случаев задержания непосредственно на месте преступления и совершения тяжкого преступления.

### **Ответственность за нарушение законодательства Республики Казахстан о выборах**

Лицо несет установленную законами уголовную, административную и иную ответственность за нарушение законодательства Республики Казахстан о выборах<sup>1</sup>.

*Центральная избирательная комиссия  
Республики Казахстан*

---

<sup>1</sup> В Памятке использованы положения статей Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», постановления Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан

## ДЛЯ ЗАМЕТОК

---

Баспаға 22.06.2007 ж. жіберілді.  
Қалыбы 60 x 80  $\frac{1}{16}$ . Басылымы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».  
Шартты баспа табағы 1,39. Есептік баспа табағы 1,8.  
Таралымы 100000 дана. Тапсырыс № 3517.  
Астана қаласы, «Жарқын Ко» ЖШС, Абай даңғылы 121 А.

---

Подписано к печати 22.06.2007 г.  
Формат 60 x 80  $\frac{1}{16}$ . Печать офсетная. Шрифт «Таймс».  
Усл. печ. листов - 1,39. Учетно-издательских листов 1,8.  
Тираж 100000 экз. Заказ № 3517.  
г. Астана, ТОО «Жарқын Ко», пр. Абая 121 А.